

Ведомстволық мұрағаттар қызметінің негізгі ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 24 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2679. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті төрағасының 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 165 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті төрағасының 2012.09.24 № 165 бұйрығымен (бұйрықтың мемлекеттік тілдегі мәтіні берілмеген).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 797 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001 -2005 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар Жоспарына сәйкес, бұйырамын :

1. Қоса беріліп отырған Ведомстволық мұрағаттар қызметінің негізгі ережелері бекітілсін.

2. Ведомстволық мұрағаттар қызметінің негізгі ережелері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне заңмен белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік тіркеуге жіберілсін.

3. Ведомстволық мұрағаттар қызметінің негізгі ережелері мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін басқару құжаттамасын сақтауды жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың ведомстволық мұрағаттары үшін міндетті күші бар деп танылсын.

4. Бұйрық өз күшіне мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін енеді.

Комитет Төрағасы

Бекітілген

Қазақстан	Республикасы	Мәдениет
министрлігінің	Мұрағаттар	мен
құжаттаманы	басқару	жөніндегі
комитеті	төрағасының	
2003 жылғы	29	желтоқсандағы
N 93 бұйрығымен		

Ведомстволық мұрағаттар қызметінің негізгі ережелері 1-ТАРАУ. Жалпы ережелер

1. Ведомстволық мұрағаттар қызметінің негізгі ережелері (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «"Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Заңына, "Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығына, «Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры туралы Ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 қазандағы N 1538 қаулысына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы N 674 қаулысына, "Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 797 қаулысына және "Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қоры туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 578 қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Ұйымның ведомстволық мұрағаты қағаз және электрондық негіздегі құжаттарды жинау, уақытша сақтау мен пайдалану мақсатында ұйымдастырылады. Ведомстволық мұрағат құрамында электрондық құжаттар мұрағаты пайда болады.

3. Ведомстволық мұрағат оның міндеттерін, функцияларын, толықтыру көздерін және қабылданатын құжаттар құрамын айқындайтын Ережеге сәйкес жұмыс жүргізеді.

4. Ведомстволық мұрағат туралы Ережені Қазақстан Республикасының мұрағаттар мен құжаттаманы басқарудың уәкілетті мемлекеттік органымен немесе мұрағаттар мен құжаттаманы басқарудың жергілікті уәкілетті мемлекеттік органымен келісе отырып ұйым басшысы бекітеді.

5. Бұл Ережелер құпиясыз басқару құжаттамасын сақтайтын ведомстволық мұрағаттар жұмысында қолданылады.

6. Қазақстан Республикасы мұрағаттар мен құжаттаманы басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы, мұрағаттар мен құжаттаманы басқарудың жергілікті уәкілетті мемлекеттік органы (бұдан әрі - уәкілетті органдар), Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты, республикалық маңызы бар қалалардың

және Қазақстан Республикасы астанасының мемлекеттік мұрағаттары, облыстардың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік мұрағаттары және олардың филиалдары (бұдан әрі - мемлекеттік мұрағаттар) осы Ережелерді ведомстволық мұрағаттар жұмысының іс-тәжірибесіне ендіруде әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді және олардың орындалуына бақылау жасайды.

7. Осы Ережелердің бұрмалануына кінәлі ұйымның басшысы және ведомстволық мұрағаттың қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауап береді.

8. Ережелерде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік ҚР СТ 1037 2001 Іс жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер мен анықтамалар стандартында белгіленген терминдер пайдаланылды.

2-ТАРАУ. Құжаттарды қабылдау және өңдеу &1. Құжаттарды қабылдау

9. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінен құжаттар қабылдау "Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың Тұрпатты ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 33 бұйрығымен белгіленген (мемлекеттік тіркеу N 2331) тәртіп бойынша жүзеге асырылады. V095834

10. Ведомстволық мұрағаттың толықтыру көздері басқа ұйымның тұрақты, уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы және жеке құрам бойынша құжаттары іс тізімдемелері бойынша, уақытша сақтаудағы (10 жылға дейінгіні қоса алғандағы) құжаттары тиісті кезең үшін істер номенклатурасы бойынша қабылданады.

&2. Құжаттарды өңдеу

11. Құжаттарды өңдеу жыл сайын ведомстволық мұрағаттың жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оның барысында құжаттар құндылығына сараптама жасалып, тұрақты, уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істердің және жеке құрам бойынша істер жиынтық тізімдемелерінің (бұдан әрі - істер тізімдемелері) жекелеген бөлімдері мен сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акті жасалады, ресімделеді.

12. Ұйым қайта ұйымдастырылған (таратылған) кезде құжаттарды жоспардан тыс өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

13. Құжаттарды өңдеу Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес ұйым күші мен қаражаты есебінен жүргізіледі.

&3. Құжаттарды өңдеуді ұйымдастыру

14. Құжаттарды өңдеуді ұйымдастыру және оның нәтижелерін қарау үшін ұйымда орталық сараптау комиссиясы (бұдан әрі - ОСК) немесе сараптау комиссиясы (бұдан әрі - СК) құрылады. ОСК (СК)-ның міндеттері, функциялары және жұмыс тәртібі аталған комиссия туралы Ережеде (1-қосымша) көрсетіледі.

15. Өңдеу процесінде құжаттардың сақтау мерзімдері көрсетілген тұрпатты, салалық (ведомстволық) тізбелері, істердің тұрпатты (үлгі) номенклатурасы мен ұйымның тиісті кезеңге арналған істер номенклатурасы пайдаланылады.

&4. Құжаттар құндылығына сараптама жасау

16. Құжаттар құндылығына сараптама жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры (бұдан әрі - Ұлттық мұрағат қоры) құрамына жатқызылған құжаттарды іріктеу, оларды мемлекеттік мұрағаттың тұрақты сақтауына тапсыруға дайындау және Ұлттық мұрағат қоры құрамына жатқызылмаған құжаттардың сақталу мерзімдерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

17. Құжаттар құндылығының сараптамасы бағалаудың белгіленген кешенділік және жан-жақтылық принциптері негізінде парақтап қарау жолымен жүзеге асырылады. Көрсетілген принциптермен бірге құжаттардың пайда болу, сақталу, сыртқы ерекшеліктер критерийлері де қатар қолданылады.

&5. Істер тізімдемелерін және сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актілерді ресімдеуге қойылатын талаптар

18. Істер тізімдемелері және сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актілер әрбір мұрағаттық қор бойынша жеке жасалады, оларға сол қор шегінде дербес реттік нөмір беріледі.

19. Істер тізімдемесін ресімдеген кезде істің (іс томдарының, бөлімдерінің) тақырыптары жалпы рет бойынша нөмірленеді.

20. Істер тізімдемесіне енгізілген тақырыптардың саны 9999-ға (тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғызға) жеткенде жазба аяқталады. Келесі істер тізімдемесіне кезекті реттік нөмір беріледі.

21. Ұйымның қайта ұйымдастырылуына (таратылуына) байланысты құрастырылған істер тізімдемесі оған енгізілген тақырыптардың жалпы санына карамастан аяқталған болып табылады.

22. Қосымша табылған істер тақырыбы литерлі нөмірмен тиісті тізімдемеге енгізіледі. Саны 10-нан асатын істерге қосымша тізімдеме жасалып, тақырыптарына дербес нөмірлер қойылады.

23. Бірнеше жылдың құжаттарын қамтитын істі тізімдемеге енгізгенде жазбаға ол істің ашылған жылы жазылады, ал келесі жылдары үшін іс тақырыбы көрсетіледі де, "Ескертпе" бағанында "N__ істі қараңыз" белгісі қойылады.

24. Тұрақты сақтаудағы істер мен жеке құрам бойынша істер тізімдемелерін ұйымның ОСК (СК)-сы мақұлдағаннан кейін ұйым басшысы және тиісті уәкілетті органның СТК-сы бекітеді.

25. Уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істер тізімдемесін ұйымның ОСК (СК)-сы мақұлдағаннан кейін ұйым басшысы бекітеді.

26. Біртектес құжаттар мен істердің тақырыптары сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актіге жалпы атаумен енгізіледі.

27. Сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актіні ұйымның ОСК (СК)-сы мақұлдағаннан кейін тиісті уәкілетті органның СТК-сымен келісе отырып ұйым басшысы бекітеді.

&6. Тұрақты сақтаудағы істер мен жеке құрам бойынша істер тізімдемелері

28. Тұрақты сақтаудағы істер мен жеке құрам бойынша істер тізімдемелері құжаттар негіздерінің түрлеріне байланысты белгіленген форма (2 және 3-қосымшалар) бойынша жасалады.

29. Тұрақты сақтаудағы істер мен жеке құрам бойынша істер тізімдемелеріне титул бет, мазмұн, алғы сөз, қысқартылған сөздердің тізімі және жиынтық жазба жасалады.

30. Титул бетке мемлекеттік мұрағаттың ресми атауы, мұрағаттық қор нөмірі мен аты және ондағы өзгерістер; істер тізімдемесінің нөмірі мен аты, енгізілген іс тақырыптарының уақыт аралықтары, тізімдеменің жасалған орны мен жылы жазылады.

31. Алғы сөзде, істердің уақыт аралығы қамтитын кезеңдегі ұйымның құрылуы, қайта ұйымдастырылуы (таратылуы), міндеттері, функциялары, құрылымы және ондағы өзгерістері; істердің ақпараттық мазмұны, оларды қалыптастыру мен жүйелеудің ерекшеліктері; сипатталған істердің физикалық жай-күйі мен сақталу орны туралы мәліметтер тиісті нормативтік құқықтық актілерге, өкімдік құжаттар мен мұрағаттық құжаттардың іздестіру деректеріне сілтеме жасай отырып баяндалады.

32. Тұрақты сақтаудағы істер тізімдемесіне Ұлттық мұрағат қоры құрамына жатқызылған істердің, соның ішінде республикалық, облыстық деңгейдегі, республикалық маңызы бар қалалардағы, Қазақстан Республикасы

астанасындағы ұйымдар басшылары жеке істерінің, сондай-ақ ұйым істері номенклатурасында "СТК" деген белгісі бар құжаттардың тақырыптары енгізіледі.

33. Тұрақты сақтаудағы істер тізімдемесінің тақырыптарын жүйелеу хронологиялық-құрылымдық және номиналды-логикалық жіктеу белгілері бойынша жүргізіледі: іс тақырыптары түзілген жылы бойынша, әр жыл ішінде - құрылтайшылық құжаттармен белгіленген құрылымға сәйкес, ал әр құрылымдық бөлімшенің өз ішінде - ұйымның іс номенклатурасында орналасқан ретіне қарай топтастырылады.

Құрылымдық бөлімшелерге нақты бөлінбеген ұйымдарда тақырыптар хронологиялық-функционалды (хронологиялық-номиналды) жіктеу белгілері бойынша жүйеленеді: тақырыптар істердің түзілген жылына байланысты, ал әр жыл ішінде - олардың ұйым қызметіндегі мәніне орай (маңыздылығының кему бағытына қарай) топтастырылады.

34. Жеке құрам бойынша істер тізімдемесіне ұйым басшысы бұйрықтарының (өкімдерінің), қызметкерлер тізімдерінің, жеке құрамды есепке алу жөніндегі карточкілердің, жеке іс қағаздарының, қызметкерлер дербес есепшоттарының, жинақтау зейнетақы қорына міндетті зейнеткерлік жарнасын аударуға төлем тапсырыстары мен жеке тұлғалар тізімдерінің, жеке еңбек шарттарының, қызметкерлердің сұраусыз қалған түпнұсқа жеке құжаттарының, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға қатысты өндірісте және басқа істерде болған сәтсіз оқиғалар туралы актілердің тақырыптары енгізіледі.

35. Жеке құрам бойынша істер тізімдемесіндегі тақырыптар хронологиялық, құрылымдық (функционалды) және номиналды жіктеу белгілері бойынша жүйеленеді: іс тақырыптары ол істің ашылған (аяқталған) жылына қарай, әр жыл ішінде - ұйымның құрылымдық бөлімшелеріне (қызмет бағыттарына) сәйкес, ал құрылымдық бөлімшелер ішінде - істің ұйым қызметіндегі мәніне орай (маңыздылығының кему бағытына қарай) топтастырылады.

36. Жеке құрам мен жеке іс қағаздарын (көлемі жылына 20-дан жоғары болған кезде) есепке алу карточкілері дербес істер тізімдемесіне енгізіледі. Олардың тақырыптары істердің түзілуі аяқталған жылдарға сәйкес, ал жыл ішінде - қызметкерлер фамилиясының әліпбилік реті бойынша топтастырылады.

37. Тұрақты сақтаудағы істер мен жеке құрам бойынша істер тізімдемелері 4 данадан жасалады, үш данасы мемлекеттік мұрағатқа беріледі де, бір данасы ведомстволық мұрағатта қалады.

&7. Уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істер тізімдемесі

38. Уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істер тізімдемесі құжаттар негізінің түрлеріне байланысты белгіленген форма (4 және 5-қосымшалар) бойынша жасалады.

39. Істер тізімдемесінің титул парағында мемлекеттік мұрағаттың ресми атауы жазылмайды.

40. Істер тізімдемесіне ведомстволық мұрағаттың қалауы бойынша мазмұн, алғы сөз және қысқартылған сөздер тізімі берілуі мүмкін.

41. Тізімдемеге ұйымды ақпараттық қамтамасыз ету үшін ұзақ уақыт практикалық қызмет атқаратын істердің тақырыптары енгізіледі.

42. Тізімдемедегі іс тақырыптары хронологиялық-құрылымдық немесе хронологиялық-функционалдық (хронологиялық-номиналды) және номиналды-логикалық жіктеу белгілері бойынша жүйеленеді.

43. Уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істер тізімдемесі 4 данадан жасалады, бір данасы мемлекеттік мұрағатқа беріледі де, үш данасы ведомстволық мұрағатта қалады.

&8. Сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акті

44. Сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акті (6-қосымша) істер тізімдемесімен қатар жасалады.

45. Актіге сақтау мерзімдері өтіп кеткен істер мен құжаттардың тақырыптары енгізіледі.

46. Сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акті 2 дана етіп жасалып, мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттарға беріледі.

47. Сақталу мерзімдері өтіп кеткен құжаттар тиісті кезеңнің істер тізімдемесі мен жоюға бөлу туралы актісі бекітілгеннен кейін ғана жоюға бөлінеді.

48. "Қызметте пайдалану үшін" деген белгісі бар құжаттар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттік төрағасының "Таратылуы шектелген құжаттарды, істерді және басылымдарды есепке алудың, пайдаланудың және сақтаудың Ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 29 тамыздағы N 8 бұйрығында (тіркеу N 1248) белгіленген тәртіп бойынша жойылады.

3-ТАРАУ. Құжаттарды уақытша сақтауды ұйымдастыру 1. Мұрағат қоймалары және бөлме-жайлар

49. Ведомстволық мұрағат үшін құжаттар сақтауға арналған (мамандандырылған, бейімделген) жеке ғимарат немесе ұйымның әкімшілік ғимаратынан бөлмелер беріледі.

50. Ведомстволық мұрағат мұрағат қоймаларымен, оқу залымен, жұмыс бөлмелерімен, жиналатын электрондық негіздердің автоматтандырылған кітапханасымен, серверлік және байланыс жабдықтарына арналған бөлмелермен қамтамасыз етіледі.

51. Мұрағат қоймасы араб цифрымен жалпы рет бойынша нөмірленеді және химиялық заттары бар лабораториялардан, азық-түлік өнімдері сақталынатын өндіріс орындарынан, қойма жайлардан, ал электрондық мұрағат - электромагниттік сәулелер мен қуаттық өріс көздерінен аулақ, бөлек орналастырылады.

52. Мұрағат қоймалары қазіргі заманғы өрт сөндіру құралдарымен, күзет және өрт дабылдары жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Жалпы және қабаттар бойынша тоқ ажыратқыштар мұрағат қоймасының сыртына орналастырылады.

53. Мұрағат қоймаларын подвал, жартылай подвал және цокольдік бөлмелерде орналастыруға рұқсат етілмейді. Мұрағат қоймасы арқылы газ, су, канализация құбырлары өтпеуі тиіс.

54. Мұрағат қоймаларына темір есіктер орнатылып, терезелеріне темір торлар қойылады.

&2. Құжаттарды сақтайтын құралдар және оларды орналастыру

55. Құжаттарды сақтайтын негізгі құралдар тұрақты немесе жылжымалы металл стеллаждар, отқа төзімді етіп өңделген ағаш стеллаждар болып табылады, қосалқы құралдар - металл шкафтар мен сейфтер.

56. Сақтау құралдары терезелі қабырғаларға перпендикуляр орналастырылады. Құжаттарды сақтайтын құралдарды ғимараттың сыртқы қабырғасына және жылу көздеріне тақап орналастыруға рұқсат етілмейді.

57. Сақтау құралдарын орналастыру мынадай нормаларға сәйкес жүзеге асырылады: олардың қатараралық қашықтығы - 120 см; сақтау құралдары аралықтарының қашықтығы - 75 см; ғимараттың сыртқы қабырғасы мен оған параллель қойылған сақтау құралдары аралық қашықтығы - 75 см; қабырға мен сақтау құралы бүйірінің ара қашықтығы - 45 см; еден мен сақтау құралының төменгі сөресіне дейінгі аралық - 15 см.

58. Құжаттар сақтау құралдарының сөрелеріне стандартты мұрағат қораптарына, электрондық негіздер - қынаптарға салынып жайғастырылады.

59. Сақтандыру қоры мен пайдалану қорының шағынфильмдері металл қораптарда сақталады, стандартты ракордтары болады және фотоқабатты беті сыртқа қаратылған күйінде орам етіп оралады.

60. Құжаттарды еденге, терезе алдына, басқыштарға немесе реттелмеген үймелер арасына қоюға болмайды.

61. Сақтау құралдары дербес түрде мұрағатқа кірер есіктің сол жағынан оң жағына қарай, ал сөрелері жоғарыдан төмен қарай нөмірленеді.

62. Құжаттардың орналасқан жерін белгілеу мақсатында әрбір сақтау құралына топографиялық карточкі (7-қосымша) жасалады. Топографиялық карточкі нөмірі сақтау құралының нөмірімен сәйкес келеді.

&3. Құжаттарды сақтау режимі

63. Құжаттарды сақтау жарық, температуралық-ылғалдылық және санитарлық-гигиеналық режимдерді, соған сәйкес белгіленген нормативтік өлшемдерді қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

64. Мұрағат қоймаларына терезе көздеріне жалюздер, қорғаныш сүзгілер, перделер немесе боялған әйнектер қолдану арқылы шашыранқы жарық түсіруге рұқсат етіледі.

65. Жасанды жарық үшін беті тегіс жабық плафондар ішінде жанатын лампалар немесе жарық шұғыласы ультракүлгін түсті бөліктерге бөлінетін люминесцентті лампалар қолданылады.

66. Электрондық негіздегі құжаттар жарық тікелей түспейтін жағдайда сақталады және ауа құрамындағы қауіпті қоспалардан (күкіртті газдан, күкіртті сутегінен, сынап буларынан, азот тотығынан, аммиактан) және электромагниттік-ионизациялық (радиациялық) әсерлерден қосымша қорғалуы тиіс.

67. Ауа тазартқыш жүйелермен жабдықталған мұрағат қоймаларында құжаттарды сақтау үшін мынадай оңтайлы температуралық-ылғалдылық режимі белгіленеді:

1) қағаз негіздегі құжаттар үшін - температура $+17 - +19^{\circ}\text{C}$, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50-55 пайыз;

2) ақ-қара үлдірдегі құжаттар үшін - температура $+15^{\circ}\text{C}$, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-55 пайыз;

3) түрлі түсті үлдірдегі құжаттар үшін - температура $+2 - +5^{\circ}\text{C}$, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-55 пайыз;

4) электрондық негіздегі құжаттар үшін - температура $+15 - +25^{\circ}\text{C}$, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-60 пайыз.

68. Ауа райы реттелмейтін мұрағат қоймаларында ғимаратты тиімді тәсілдермен жылыту, желдету және ауаны ылғалдату (құрғату) жүзеге асырылады.

69. Температуралық-ылғалдылық режімі ауа райы параметрлерін аптасына кем дегенде екі рет бір мезгілде өлшеп отыру жолымен бақыланады. Аспаптар көрсеткіштері тіркеу журналына жазылып отырады. Тіркеу журналының үлгісін ведомстволық мұрағат анықтайды.

70. Температуралық-ылғалдылық режімдерін бақылау-өлшеу аспаптары (термометрлер, психрометрлер, гигрометрлер) жылытқыш және желдеткіш жүйелерден аулақ қойылады.

71. Мұрағат қоймасы зең, жәндіктер, кеміргіштер пайда болу, шаң жиналу мүмкіндіктеріне жол бермейтін жағдайда ұсталады.

&4. Істердің физикалық-химиялық сақталуын бақылау

72. Негізінде немесе мәтінінде анықталған физикалық ақауы бар істердің жай-күйі есепке алу журналында тіркеледі және оларды арнайы өңдеудің (қалпына келтіру, залалсыздандыру, дәрілеу, шағын фильм жасау, көшірмелеу, электрондық пішінге аудару, орнын ауыстыру) түрлері жазылып, физикалық-химиялық жағдайын жақсарту жөнінде қолданылатын нақты шаралар көрсетіледі.

73. Зең басқан және жәндік түсіп залалданған істер тез арада санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің арнайы өңдеуіне тапсырылады.

&5. Мұрағат қоймасынан істер беру

74. Істер пайдалану үшін және арнайы өңдеуден өткізу үшін мұрағат қоймаларынан алынып беріледі. Бұл тапсырыстармен ресімделіп, істерді беру кітабында (8-қосымша) тіркеледі.

75. Істер уақытша пайдалануға ұйым қызметкерлері үшін он күннен аспайтын мерзімге, ал басқа ұйымдар үшін - бір айдан аспайтын мерзімге беріледі.

76. Істер сот, тергеу, прокуратура органдарына Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіп бойынша беріледі.

77. Істі берген кезде оның орнына мұрағат қорының, тізімдеменің, істің нөмірлері, пайдаланушының фамилиясы, берілген және қайтарылған уақыты көрсетіліп орынбасар-карта қойылады. Іс мұрағат қоймасына қайтарылғаннан кейін орынбасар-карта алынады.

78. Істі бергенде және қайтарғанда пайдаланушының қатысуымен іс құжаттарының парақтар нөмірлері және жай-күйі тексеріледі.

79. Істердің бүлінуі, жекелеген парақтардың жетіспеушілігі орын алған жағдайда Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес шаралар қабылдау үшін ұйым басшысына тапсырылатын акті жасалады.

&6. Істердің толықтығын және жай-күйін тексеру

80. Мұрағаттық қор аясындағы істердің нақтылығы мен жай-күйін тексеру барысында олардың нақты саны мен физикалық-химиялық жай-күйі анықталады, есепке алуға кемшіліктері реттеледі, жоқ істерді іздестіру ұйымдастырылады.

81. Тұрақты сақтаудағы істерді тексеру кем дегенде 5 жылда бір рет, уақытша сақтаудағы (10 жылдан жоғары) және жеке құрам бойынша істерді тексеру - 10 жылда бір рет, электрондық негіздегі құжаттарды тексеру - 3 жылда бір рет жүргізіледі.

82. Кезектен тыс тексеру істерді басқа мұрағат қоймасына ауыстыруға дейін және одан кейін; оларды ауыстыруға (эвакуациялауға) мәжбүр еткен төтенше жағдайлардан немесе мұрағат қоймасына бөтен тұлғаның еніп кетуінен кейін; ведомстволық мұрағат басшысы ауыстырылған кезде; ұйым қайта ұйымдастырылған (таратылған) кезде жүргізіледі.

83. Тексеру кезінде тізімдемеге енгізілген мәліметтер іс мұқабасындағы мәліметтермен салыстырылады.

84. Істер тізімдемесіне және басқа да есепке алу құжаттарына қандай да болмасын белгілер немесе жазбалар жасауға рұқсат етілмейді.

85. Істердің жетіспейтіні анықталған кезде оларды іздестіру ұйымдастырылады, істерді беру жөніндегі есепке алу құжаттары зерттеледі, жанында тұрған мұрағаттық қорлар, сақталуға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актілер, бұрын жасалған тексерудің актілері тексеріледі.

86. Іздестіру тексеріс аяқталғаннан кейін жыл бойына жүргізіледі.

87. Іздестірудің қорытындысы бойынша тиісті уәкілетті органның СТК-сымен келісе отырып ұйым басшысы бекітетін анықтама жазылады. Бекітілген анықтама негізінде табылмаған құжаттар есептен шығарылады.

88. Уақытша пайдалануға берілген істер қолда бар деп саналады.

89. Тексеру барысында анықталған барлық кемшіліктер актіге енгізіледі (9-қосымша).

90. Тексерудің қорытындысы бойынша әрбір іс тізімдемесінің соңына тексеру жүргізген қызметкерлер қолын қоятын, "Тексерілді" деген жазба мен уақыты қойылатын қосымша парақ желімделеді.

91. Тексеру анықталған өзгерістер есепке алу құжаттарына енгізілгеннен кейін және мұрағаттық қорда есептелген істердің бар-жоғы туралы мәліметтер мемлекеттік мұрағатқа тапсырылғаннан кейін аяқталған болып есептеледі.

&7. Аса құнды құжаттарды айқындау және есепке алу

92. Ведомстволық мұрағатта аса құнды құжаттарды айқындау және есепке алу мемлекеттік мұрағатпен келісе отырып жүргізіледі. Әрбір қордың анықталған аса құнды құжаттарына жеке-жеке істер тізімдемесі (10-қосымша) құрастырылады.

93. Аса құнды құжаттардың сақтық көшірмелерін жасау мақсатында, олардан шағынфильмдер жасау жүзеге асырылады.

94. Сақтық көшірмелер жиынтығын аса құнды құжаттар түпнұсқасынан бөлек сақталатын, сақтық қоры құрайды.

Сақтық қорымен қатар позитивтік шағынфильмдерден, шағынфишалардан және құжаттар ксерокөшірмелерінен пайдалану қоры жасалады.

95. Электрондық мұрағатта құжаттардың сақтық және жұмысқа арналған даналары жасалады.

&8. Құжаттарды жүйелеу

96. Құжаттарды ретке келтіру мақсатымен мұрағат қорларына жүйелейді (мұрағат қорларына бөледі).

97. Мұрағаттық қор аясындағы құжаттар ұйымның тиісті істер тізімдемелері мен істер номенклатуралары бойынша жүйеленеді.

98. Физикалық оқшауланған құжат немесе өзіндік маңызы бар құжаттар жиынтығы ретіндегі сақтау бірлігі (іс) жіктеу және есепке алу бірлігі болып табылады.

99. Электрондық негіздегі құжаттардың сақтау бірлігіне ілеспе құжаттамасымен бірге физикалық оқшауланған негіз алынады.

&9. Мұрағаттық қорлар

100. Мұрағаттық қорлар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) ұйым қызметінде түзілетін құжаттардан тұратын сол ұйымның мұрағаттық қоры ;

2) Міндеттері мен атқаратын функциялары ұқсас немесе біртектес екі және одан да көп ұйымдардың құжаттарынан тұратын біріктірілген мұрағаттық қор;

3) Бір немесе бірнеше белгілері бойынша біріктірілген мұрағаттық топтамалар.

101. Бірыңғай мұрағаттық қорды құрайтын құжаттар: қайта ұйымдастыруға дейінгі және кейінгі ұйым құжаттары; мемлекеттік меншік түрін жарғы капиталында мемлекеттік меншік үлесі басым мемлекеттік емес түрге ауыстырған ұйым құжаттары; өз қызметін уақытша тоқтатып және бұрынғы атқарған міндеттері мен функцияларын қайта қалпына келтірген ұйым құжаттары.

102. Әрбір мұрағаттық қорға мемлекеттік мұрағатпен келісе отырып ат қойылады және нөмір беріледі.

103. Ұйым мұрағаттық қорының аты ұйымның және оның жоғары тұрған мемлекеттік органының ресми атауына сәйкес болады.

Біріктірілген мұрағаттық қордың аты қор құрушы-ұйымдар мен олардың жоғары тұрған мемлекеттік органының жалпы ортақ атауынан тұрады.

Мұрағаттық топтама атында құжаттарды біріктірудің жіктеу белгісі (жіктеу белгілері) көрсетіледі.

&10. Құжаттарды есепке алуға қойылатын талаптар

104. Құжаттарды есепке алу әрбір мұрағат қоймасы бойынша бөлек жүзеге асырылады.

105. Барлық сақтаулы құжаттар, соның ішінде істер тізімдемесіне енгізілмеген, бұл салаға жатпайтын құжаттар да, аса құнды құжаттардың сақтық көшірмелері мен пайдалану қорынан алынған көшірмелер де есепке алынуы керек.

106. Есепке алу құжаттарына, сонымен қатар деректерді есепке алу базасына қол жеткізу тәртібі ұйым басшысы бұйрығымен (өкімімен) реттеледі.

107. Есепке алу құжаттары белгіленген үлгі бойынша ресімделеді және олар сақтау бірлігіндегі мұрағаттық құжаттардың келіп түсуін, шығуын, санын, құрамын, жай-күйін жазуға арналады.

108. Құжаттарды есепке алудың негізгі бірліктері мұрағаттық қор мен сақтау бірліктері болып табылады.

109. Электрондық негіздегі құжаттарды есепке алу бірлігі ретінде бірыңғай бағдарламалық-ақпаратты нысананы құрайтын бір файл немесе бірнеше файл жазбалары бар сақтау бірліктері және оған ілеспе құжаттама алынады.

&11. Есептік құжаттар құрамы

110. Есептік құжаттар құрамына келіп түскен және шыққан құжаттарды есепке алу кітабы (11-қосымша), мұрағаттық қор парағы (12-қосымша), ұйымның істер тізімдемесі, істер номенклатурасы, сақтық қоры мен пайдалану қорының келіп түскенін және шыққанын есепке алу кітабы (13-қосымша), сақтық қоры құжаттарының тізімдемесі (14-қосымша), ведомстволық мұрағаттың паспорты кіреді.

111. Мемлекеттік мұрағатқа ведомстволық мұрағаттың паспортын тапсыру үлгісі мен мерзімі "Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының орталықтандырылған мемлекеттік есебі туралы нұсқауды бекіту жайлы" (тіркеу N 1240) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және

қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет төрағасының 2000 жылғы 11 тамыздағы N 47 бұйрығына сәйкес белгіленеді.

112. Есептік құжаттарда істер келіп түскен кезгі әрбір жазбаның негізі құрылымдық бөлімшелердің жылдық істер тізімдемесі, ұйымның істер номенклатурасы, ведомстволық мұрағаттың толықтыру көздері - ұйымдардың тиісті істер тізімдемесі мен істер номенклатурасы болып табылады.

113. Есептік құжаттарда істер шығарылған кезгі әрбір жазбаның негізі істерді мемлекеттік мұрағатта тұрақты сақтау үшін қабылдау-тапсыру актісі (15 және 16 -қосымшалар), сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акті, іздестіру жолдары таусылып, табылмаған істер туралы акті (17-қосымша), істердің түзетуге келместей болып бүлінгені туралы акті (18-қосымша) болып табылады.

114. Электрондық негіздегі құжаттың әрбір есепке алу бірлігі туралы мәліметтер деректер базасына енгізіледі, оның ақпараттық ауқымы мегабайт (Мбайт) өлшемі бойынша көрсетіледі.

115. Жаңа негізге қайта жазу нәтижесінде электрондық негіздегі құжаттардың сақтау бірлігі мөлшерінде және/немесе ақпараттық ауқымында болған өзгерістер орын ауыстыру және қайта жазу туралы актіге (19-қосымша), істер тізімдемесінің жаңа қорытынды жазбасы мен мұрағаттық қор парағына енгізіледі (жазылады).

&12. Келіп түскен және шыққан құжаттарды есепке алу кітабы

116. Келіп түскен және шыққан құжаттарды есепке алу кітабы мұрағаттық қорлар құрамы мен ауқымындағы күнделікті өзгерістерді есепке алып отыруға арналады және мұрағаттық қор парақтарын, ведомстволық мұрағаттың паспортын жасау үшін негіз болып табылады.

117. Әрбір келіп түскен немесе шыққан құжатты есепке алу дербес реттік нөмірлер бойынша жүргізіледі.

118. Әрбір келіп түскен немесе шыққан электрондық негіздегі құжаттар мөлшері олардың Мбайттардағы ақпараттық көлемінде және есепке алу бірлігінде/сақтау бірлігінде қиғаш сызықшамен бөлініп көрсетіледі.

&13. Мұрағаттық қор парағы

119. Парақ мұрағаттық қорға ол алғаш түскен кезде жасалады.

120. Парақтар нөмірленеді және мұрағаттық қорлар нөмірлерінің өсу реті бойынша клапанды папкілерде сақталады.

121. Ведомстволық мұрағаттың іс жүргізу барысында аяқталған парақтары уақыты, есепке алуға жауапты қызметкер лауазымы көрсетіліп, қолы қойылып мұрағаттық қор ісіне салынады.

&14. Істер тізімдемесі

122. Істер тізімдемесі тұрақты, уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істер мен жеке құрам бойынша істерді жекелеп және жиынтық түрде есепке алудың бастапқы есептік құжаты болып табылады.

123. Жекелеп есепке алу әрбір іске дербес нөмір беру жолымен жүзеге асырылады. Істерді жиынтық түрде есепке алу тізімдеменің қорытынды жазбалары мәліметтеріне сәйкес жасалады.

124. Аяқталған істер тізімдемесіне жалпы қорытынды жазба жазылады.

125. Сақтау бірлігі (есепке алу бірлігі) шығарылған кезде істер тізімдемесінің "Ескерту" бағанында "Шығарылған" деген белгі қойылады.

&15. Мұрағаттық қор ісі

126. Мұрағаттық қор ісі тарихи анықтамадан, қайта жасалғаннан кейінгі мұрағаттық қор парақтарынан, ұйым құрылымдық бөлімшелерінің жылдық істер тізімдемелерінен, толықтыру көздері - ұйымдардың істер тізімдемелерінен, істерді мемлекеттік мұрағатқа тұрақты сақтауға тапсыру актілерінен, сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актілерден, істердің түзетуге келместей болып бүлінуі туралы актілерден, істердің нақтылығы мен жай-күйін тексеру актілерінен тұрады.

127. Мұрағаттық қор құрамы мен ауқымындағы өзгерістер туралы құжаттар іске өзгерістерді есептік құжаттарға енгізу белгісі арқылы қосылады.

128. Құжаттар хронологиялық ретімен орналасады, нөмірленеді, олардың тақырыптары мұрағаттық қор ісінің ішкі тізімдемесіне енгізіледі.

&16. Деректердің есептік базалары

129. Деректердің есептік базалары статистикалық есеп пен талдау кестелерін әзірлеу үшін автоматтандырылған режимде басқарылады.

130. Деректердің есептік базаларына қатысты деректемелер есепке алу нысанасын (мұрағаттық қорды, сақтау бірлігін, есепке алу бірлігін) сипаттайтын негізгі көрсеткіштер арқылы айқындалады.

131. Деректердің есептік базалары есептік құжаттар негізінде басқарылады.

132. Деректердің есептік базаларын жасау мен басқару тәртібі ұйым басшысы бекітетін нұсқауда белгіленеді.

&17. Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесі

133. Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесі құжаттарды жедел іздестіру, құжаттық ақпаратты тиімді пайдалану мақсатында жасалады және үнемі толықтыру мен жетілдіруді қажет етеді.

134. Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесіне картотекалар, құжаттарға шолулар, мұрағаттық қорлардың тарихи анықтамалары енеді.

&18. Картотекалар

135. Ведомстволық мұрағатта картотекалар жеке құрам бойынша және ұйым тарихы бойынша жасалады.

136. Жеке құрам бойынша картотека еңбек стажы, жалақы мөлшері және ұйым қызметкерлерінің басқа да деректері туралы мәліметтерді іздестіруге арналады.

137. Жеке құрам бойынша картотекалар карточкілерінде қызметкерлер фамилиялары, есімдері, әкесінің аты және олар жөнінде мәліметтері бар мұрағаттық құжаттардың іздестіру деректері болады. Карточкілер фамилиялардың әліпбилік реті бойынша, біртектес фамилиялар аясында - есімдері мен әкелерінің аттарына қатысты әліпбилік негізде жүйеленеді.

138. Ұйым тарихы бойынша картотекалар карточкілерінде сол ұйымның құрылуы, қайта ұйымдастырылуы (таратылуы) туралы деректер жазылады және хронологиялық тәртіп бойынша жүйеленеді. Жазбада тиісті нормативтік құқықтық актілерге, өкімдік құжаттарға, мұрағаттық құжаттардың іздестіру деректеріне сілтеме жасалады.

139. Ведомстволық мұрағат ұйым қызметі барысында жасалған анықтамалық, тақырыптық және басқа да картотекаларды сақтауға қабылдайды, оларды жетілдіру мен мемлекеттік мұрағатқа тапсыру үшін дайындау жөнінде қажетті жұмыстар кешенін атқарады.

&19. Құжаттарға шолу

140. Құжаттарға шолу маңызды және сұраныстағы құжаттар кешенінің құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметтері бар мұрағаттық анықтамалық болып саналады. Мұрағаттық қорға шолу мен тақырыптық шолу оның түрлері болып табылады.

141. Мұрағаттық қорға шолу мұрағат құжаттары туралы, ал тақырыптық шолу - нақты мәселе бойынша бір немесе бірнеше мұрағаттық қордың құжаттары туралы жүйеленген мәліметтерді қамтиды.

142. Шолу алғысөзден, құжаттар сипаттамасынан және анықтамалық аппараттан тұрады.

143. Шолудың алғысөзінде ұйым (ұйымдар) мен мұрағаттық қор (мұрағаттық қорлар) тарихы жөнінде мәліметтер келтіріледі, шолу құрылымы мен оның анықтамалық аппарат құрамы туралы баяндалады.

144. Құжаттар сипаттамасы құжаттардың ақпараттық мазмұны, авторлары, хронологиялық аясы, түрлері және іздестіру деректері жөніндегі аннотация түрінде жазылады.

145. Шолудың анықтамалық аппаратына титул бет, мазмұны (мазмұн), алғысөз, қысқартылған сөздер тізімі енеді. Тақырыптық шолуға қосымша мұрағаттық қорлардың тізімі беріледі.

&20. Мұрағаттық қордың тарихи анықтамасы

146. Мұрағаттық қордың тарихи анықтамасы құжаттарды өңдеу барысында істер тізімдемелерімен қатар жазылады.

147. Тарихи анықтама ұйым (ұйымдар) тарихы, мұрағаттық қор тарихы жөніндегі бөлімдерден және құжаттар сипаттамасынан тұрады.

148. Бірінші бөлімде тиісті нормативтік құқықтық актілерге, өкімдік құжаттарға және мұрағаттық құжаттардың іздестіру деректеріне сілтеме жасала отырып, ұйымның, оның жоғары тұрған органының атауы, пайда болған датасы, атқаратын міндеттері, функциялары, құрылымы және кейінгі өзгерістері туралы мәліметтер беріледі.

149. Біріктірілген мұрағаттық қор үшін қор құраушылардың-ұйымдардың тарихы, мұрағаттық топтамалардың құрылу тарихы жазылады.

150. Екінші бөлімде мұрағаттық қор істерінің саны және уақыт аралықтары, олардың түзілу, сипатталу және жүйелену ерекшеліктері, істер тізімдемесінің хронологиялық шегінен шығып кететін құжаттардың бар-жоғы, ғылыми-анықтамалық аппараттың құрамы туралы мәліметтер болады.

151. Үшінші бөлімде құжаттардың құрамы мен мазмұнына жалпы сипаттама, құжаттар негіздерінің түрлері, физикалық сақталу дәрежесі және сақталу орны туралы мәліметтер беріледі.

152. Тарихи анықтамаға құрастырушы өзінің лауазымы мен құрастырған уақытын көрсетіп қол қояды және мұрағаттық қор құжаттарына өңдеу жүргізілген сайын толықтырылып отырады.

153. Тарихи анықтама төрт дана етіп басылып, үшеуі Ұлттық мұрағат қоры құжаттарымен бірге мемлекеттік мұрағатқа беріледі, біреуі - ведомстволық мұрағаттағы мұрағаттық қор істерінің құрамында сақталады.

4-ТАРАУ. Құжаттарды пайдалану & 1. Құжаттарды пайдалану үлгілері және олардың есепке алынуы

